

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

**Жердің даму сатылары бойынша арнайы
кәсіптік мәлімет және оны кәсіби жағдайларда
қолдану**

Сөздерді есте сақтаңыз сөз тіркестерін құастырып жазыңыз

- ▶ Даму тарихы – история развития
- ▶ Қазіргі заманғы – современное
- ▶ Бірнеше – несколько
- ▶ Жоғары температура – высокая температура
- ▶ Ауа – воздух

- ▶ Жер шарында – на земном шаре
- ▶ Бұлттар – облако
- ▶ Құрылысы – строение
- ▶ Жер – земля
- ▶ Тығыздығы – плотность
- ▶ Белгілі - известный

Мәтінді оқыңыз

Қазіргі замандағы қалыптасқан Жердің даму тарихы бірнеше гипотезалардан тұрады.

Контракциялық теория — жер шарының суынуына байланысты оның біртіндеп сығылысуы туралы теория. Кант-Лаплас гипотезасы бойынша, жердің орталық ядросының жоғары температурасы бар.

Конвекция (лат. convectio — әкелу, жеткізу) — атмосферада — жер бетіндегі неғұрлым жылыған (тығыздығы кем) ауа массасының немесе ағынының жекелеген бөліктерінің жоғары көтеріліп, онымен бір мезгілде неғұрлым салқын (тығыздау) ауа массасының төмен түсуі. Әдетте, ауаның көтерілу жылдамдығы бірнеше м/с болады (кейде 20—30 м/с-ке дейін барады).

- Конвекцияның нәтижесінде конвекциялық бұлттар мен конвекциялық жауын-шашындар түзіледі. *Мобилизмнің ғылыми ипаттағы гипотезасын* 1912 жылы неміс геофизигі А.Вегенер (1880 – 1930) толықтырды. Ол төмен жұмсақ базальт қабаты бетінде гранит қабаты қалқып тұрады деп санады. Бұл гипотеза ғылымға құрлықтардың ығысу (орын ауыстыру) гипотезасы (теориясы) деген атпен белгілі. Осы гипотеза бойынша Жердің үстіңгі қабаты (литосфера) қатты, тығыз алты тақтаға бөлінеді. Олар Еуразия, Африка, Үнділік, Америкалық, Тынық мұхиттық, Антарктикалық плиталар. Әрқайсысының қалыңдығы 70 – 100 км.

► Неотектоника (гр. neos — жаңа және тектоника), жаңа тектоника — кайнозой дәуірінде байқалған тектоникалық процестерді зерттейтін тектоника саласы. Бұл процестер нәтижесінде жер қыртысының құрылысы өзгерістерге ұшырады. Неотектоникалық қозғалыстар қазіргі және жаңа (неотектоника) болып бөлінеді. Адамзаттың қазіргі ұрпағының көзінше немесе тарихи уақыт ішінде байқалатын қозғалыстар — қазіргі, ал антропоген (неоген-антропоген) кезінде болғандары — жаңа қозғалыстар деп аталады.

- Тектоникалық құрылымдардың дамуы тұрақты көлбеу қозғалыстарға байланысты деген постулатқа негізделген бағыт *фиксизм* деген атқа ие. Геологиялық ғылымның дамуы көлбеу қозғалыстардың басымдығына байланысты деп есептейтін бұл бағыт мобилизм деп аталады. Жер қыртысының (және толықтай литосфераның) құрылысы мен даму ерекшеліктері туралы жоғарыда келтірілген деректер біздің планетаның әр түрлі бөлікшелерінде елеулі, принциптік айырмашылықтар бар екенін куәландырады.

Сұрақтарға ауызша жазбаша жауап беріңіздер

- ▶ **Контракциялық теория дегеніміз не?**
- ▶ **Конвекция қай тілден аударылған, ол туралы не білесіздер?**

Тектоникалық құрылымдардың дамуы тұрақты көлбеу қозғалыстарға байланысты негізделген бағыт?

- ▶ **Жер қыртысының құрылысы мен даму ерекшеліктері жайлы не айтасыздар?**

Сөздерді сәйкестендіріңіздер

ТЕКТНИКАЛЫҚ

ЖЕР

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ

ЖАҢА

ТҰРАҚТЫ

ТЫНЫҚ

КАЙНОЗОЙ

НЕОТЕКТНИКАЛЫҚ

НЕОГЕН

АНТАРКТИКАЛЫҚ

ҚЫРТЫСЫ

МҰХИТЫ

ТЕКТНИКА

ДӘУІРІНДЕ

ҒЫЛЫМ

ПРОЦЕССТЕР


КӨЛБЕУ

ПЛИТАЛАР

ҚОЗҒАЛЫСТАР

АНТРОПОГЕН

**Берілген сурет бойынша екі – үш сөйлем
жазыңыздар**



Мәтіннен берілген үш сөйлемді аударыңыздар

- ▶ Мобилизмнің ғылыми сипаттағы гипотезасын 1912 жылы неміс геофизигі А. Вегенер толықтырды.
- ▶ Ол төмен жұмсақ базальт қабаты бетінде гранит қабаты қалқып тұрады деп санады.
- ▶ Жер қыртысының құрылысы мен даму ерекшеліктері туралы жоғарыда келтірілген деректер біздің планетаның әр түрлі бөлікшелерінде елеулі принциптік айырмашылықтар бар екенін куәландырады.

Берілген сөйлемдерді толықтырыңыздар

1. Қазіргі замандағы қалыптасқан жердің даму тарихы бірнеше _____

2. Контракциялық теория – жер шарының суынуына байланысты оның біртіндеп _____

3. Геологиялық ғылымның дамуы көлбеу қозғалыстардың басымдығына байланысты деп есептейтін бұл бағыт _____

The background features abstract, overlapping green geometric shapes, primarily triangles and polygons, in various shades of green, creating a modern and dynamic visual effect.

► **Мәтіннен терминдерді теріп
жазыңыздар**

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша төрт – бес сұрақ дайындаңыздар
2. Мәтінді аударыңыздар
3. Мәтінді қысқаша мазмұндаңыздар